

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтардың кезекті шақырылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы N 165 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 12 сәуірде N 5-6-159 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 ақпандағы N 92 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 27.02.2013 N 92 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 8) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілерінің мәртебесі туралы» Заңының 27, 28, 29, 31 баптары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да Әскерлері мен әскери

құрамаларының қатарына кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін аудандық шақыру комиссияның құрамы бекітілсін (1 қосымша).

3. Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімінің бастығына (М. Жақашев) ұсынылсын:

- 1) шақыру пунктін жұмыс жүргізуге дайындау;
- 2) дәрігер-мамандармен және шақыру пунктінің әкімшілігімен әдістемелік-нұсқаулық сабақтар жүргізу;
- 3) шақыруды өткізу үшін қажетті құжаттарды әзірлеу.

4. «Аягөз аудандық медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бастығына (Ж. Жұмаханов) ұсынылсын:

- 1) шақырушылардың талдауларының зертханалық, кеуде органдарының флюорографиялық зерттелуін ұйымдастыру;
- 2) шақырушыларды медициналық тексеруден өткізу үшін емдеу мекемесін қажетті орындар санымен қамтамасыз ету;
- 3) шақырушыларды медициналық тексеруден өткізу үшін қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөліміне дәрігерлер мен орта медицина персоналдарының қажет санын бөлу;
- 4) шақырушылардың уақтылы және сапалы медициналық тексерілуі мен емделуін бақылауға алу.

5. Қала, кент және барлық ауылдық округтері әкімдері 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында әскерге шақыруға тиісті азаматтарды аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөліміне шақырылғандығы туралы хабардар және келуін қамтамасыз етсін.

6. Аягөз қалалық және аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына (Ш. Құнанбаев) ұсынылсын:

- 1) шақырушыларды әскерге аттандыру және аудандық шақыру комиссиясының жұмысы кезеңінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімінің хабарламасы бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылудан бас тартатын азаматтарды іздестіру мен оларды қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуге жәрдемдесу.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Аягөз ауданының әкімінің орынбасары С. Ысқақовқа жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келісілді:

Аягөз қаласының қорғаныс
істері жөніндегі біріккен
бөлімінің бастығы М. Жақашев

20.03.2012 ж.

Аягөз қалалық және
аудандық ішкі істер
бөлімінің бастығы Ш. Құнанбаев

20.03.2012 ж.

Аягөз аудандық медициналық
бірлестігінің бастығы Ж. Жұмаханов

20.03.2012 ж.

Аягөз ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 20 наурыздағы № 165
қаулысына 1 қосымша

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін аудандық комиссияның құрамы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ШҚО Аягөз ауданы әкімдігінің 2012.10.19 № 551 (жарияланғаннан кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ысқақов Сейлбек Әбиұрұлы	Аягөз ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
Кадрахунов Қайрат Камалұлы	Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының міндетін атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша).
Комиссия мүшелері:	
Жакупов Мұхтар Омарханұлы	Аягөз қалалық және аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Санқайбаев Нұрлан Өртбайұлы	Аягөз аудандық медициналық бірлестігі бастығының орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша);
Жаксыбаева Сәуле Төлеужанқызы	Аягөз аудандық медициналық бірлестігінің медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

